

¹Тугелбаева Ж.Н., ²Жұмабаева Ә.Е.

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА ЖҮРГІЗУДЕГІ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жалпы білім беруді жаңғырту жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбына түскен сәттен бастап баланың қабілеті мен бейімділігін дамыту, тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу міндеттерін бірінші кезекке қояды. Сондықтан қазіргі бастауыш сынып мұғалімі оқушының жеке ерекшеліктерін білуге сүйеніп оқытуды, дамытуды және тәрбиелеуді іске асыруы, оқушының тұрақты өзгеру процесін басқара білуі және оның жоғары даму деңгейіне көтерілуін қамтамасыз етуі, бала тұлғасының ғылыми негізде қалыптасу мәселелерін шеше отырыпзерттеу педагогикалық іздеуді жүзеге асыруы тиіс.

Бұл мақалада диагностика әдістері, диагностика нысандарының ерекшелігі, оны қолдану аясы, диагностика жүргізуде мәліметтерді жинау мен талдаудың объективті әдістері, жазбаша және тестілеу жұмыстарының сапасын өлшеуді жетілдіру проблемасы қарастырылған.

Түйін сөздер: педагогикалық диагностика, диагностикалық бақылау, бағалау, байқау, талдау, басқару, диагностика әдістері, сұрақ-жауап, сараптамалық бағалау, жазбаша сұрау, бағдарламалық бақылау, тестілеу.

¹Tugelbayeva Zh. ²Zhumabayeva A.

^{1,2}Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan.

EFFECTIVE METHODS OF PEDAGOGICAL DIAGNOSTICS OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

The modernization of General education currently underway in Kazakhstan brings to the fore the tasks of developing the child's personality, abilities and aptitudes, and revealing the creative potential of the individual, starting from the moment of entering the first grade of secondary school. Therefore, a modern primary school teacher must implement training, development and education based on knowledge of the individual characteristics of the younger student, be able to manage the process of constant change of the student and ensure his ascent to a higher level of development, carry out research pedagogical search, solving the problems of the child's personality formation on a scientific basis.

This article discusses diagnostic methods, features of diagnostic objects, areas of its application, objective methods of data collection and analysis during diagnostics, problems of improving the measurement of the quality of written and test works.

Key words: pedagogical diagnostics, diagnostic control, evaluation, observation, analysis, management, diagnostic methods, questions and answers, expert evaluation, written survey, program control, testing.

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДИАГНОСТИКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

Осуществляющаяся в настоящее время в Казахстане модернизации общего образования выдвигает на первый план задачи развития индивидуальности ребенка, его способностей и склонностей, раскрытия творческого потенциала личности, начиная с момента поступления в первый класс общеобразовательной школы. Поэтому современный учитель начальных классов должен реализовывать обучение, развитие и воспитание при опоре на знание индивидуальных особенностей младшего школьника, уметь управлять процессом постоянного изменения ученика и обеспечивать восхождение его к более высокому уровню своего развития, осуществлять исследовательский педагогический поиск, решая на научной основе проблемы становления личности ребенка.

В данной статье рассматриваются методы диагностики, особенности объектов диагностики, области ее применения, объективные методы сбора и анализа данных при проведении диагностики, проблемы совершенствования измерения качества письменных и тестовых работ.

Ключевые слова: педагогическая диагностика, диагностический контроль, оценка, наблюдение, анализ, управление, методы диагностики, вопросы-ответы, экспертная оценка, письменный опрос, программный контроль, тестирование.

Диагностиканың әдіснамалық проблемасын талдай келе, ғалымдар диагностиканы басқарумен байланыстырады. Басқару жүйесінің сипаттық ерекшелігі болып «соңғы пайдалы нәтижеге» жетуге бағытталған мақсатты бағдарлама болып отыр. Диагностикаланатын жүйені басқару процесінде түзу және кері байланыс принципі бойынша субъект пен нысанның арасында ақпаратпен айырбас болады. Солардың негізінде диагностикаланатын жүйелерді бақылау және басқару үшін пайдаланылатын басқару белгілері шығарылады. Бұл мағынада әртүрлі құрылымдағы жүйелердің жағдайының, қасиеттерінің, мүмкіндіктерінің диагностикасы қолданбалы ғылымда ерекше орын алады [1].

Әдіс - нақтылы міндеттерді шешуге бағынатын шындықты тәжірибелік және теориялық меңгеру тәсілдерінің немесе амалдарының жиынтығы. Құрал - қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асыруға бейімделу немесе бейімделулер жиынтығы [2]. Осы анықтамаларға сәйкес педагогикалық диагностика әдістері оқыту мен тәрбиелеу процесінің жекелеген жақтарын үйренуге бағытталған тәсілдердің немесе амалдардың жиынтығы, ал құралдары - мұғалім өзінің зерттеу жұмысында пайдаланатын материаландырылған немесе идеалдық нысандар деп білеміз. Тәрбиенің бір жағы - білім беруді ұрпақ тәжірибесін адамның білім, білік және дағды, қатынастар түрінде меңгеру нәтижесі.

Оқыту нәтижелерін диагностикалау әдістерін «мұғалім-оқушы-мұғалім» жүйесінің компоненттері бойынша мұғалімнің іс-әрекетін диагностикалау әдістері және оқушының іс-әрекетін диагностикалау әдістері деп бөлуге болады. Бұлардың екеуі де сыртқы диагностика әдістері және ішкі диагностика әдістері (өзін өзі бақылау, өзін өзі бағалау) болып бөлінеді.

Сұраққа жауап алу, сараптамалық бағалау, жазбаша сұрау, бағдарламалық бақылау, тестілеу - диагностиканың жоғары формализацияланған әдістері, олар үшін тексеру құрылымының қатаң уақыт тәртібін сақтау қажет (нұсқауды мүлтіксіз орындау, материалды берудің қатаң анықталған тәсілдері, сыналушының жұмысына зерттеушінің араласпауы және т.с.с.).

Сыртқы диагностика әдістері - олар:

- сауалнама (жазбаша сұраулар);

- сараптамалық бағалау;

- педагогикалық байқау әдісі (әңгіме, интервью алу); (Бұлар мұғалімнің іс әрекетін бағалау үшін қолданылады)

- жазба жұмыстары (жазбаша өздік жұмыстары, диктанттар, бақылау жұмыстары, үлестіру материалдарымен жұмыс және т.с.с.);

-ауызша сұрау (жеке, топтық, «тізбек» бойынша бірін бірі сұрау, оқушылардың түсіндіруімен және т.с.с.);

- тестілеу және т.с.с. (Ал бұлар оқушының іс-әрекетін бағалау үшін қолданылады).

Сауалнама - диагностиканың аса қарапайым түрі. Ю.Бабанскийдің пікірінше, сұрақ қағаздарын (анкеталарды) құру мыналарды қажет етеді:

- зерттелетін құбылысты неғұрлым нақты сипаттайтын және сенімді ақпарат беретін сұрақтар іріктеу;

- тура және сол сияқты жанама сұрақтарды да пайдалану;

- сұрақтарды құрғанда білдіртпей ойға салатын жағдайларды болдырмау;

- сұрақтардың мағынасының екі жақты түсінік беруін болдырмау;

- жабық және сол сияқты ашық анкеталарды да пайдалану.

Сауалнама түрлеріне қарай топтық және жеке болады, көбінесе жазбаша, бланкілік немесе компьютерлік нұсқада болады. Жауаптардың сипаттарына қарай олар жабық (жазылған жауаптарымен) және жартылай жабық (берілген жауаптардың ішінен таңдайды немесе өзінің жауабын береді). Анкеттік сұрауда көбінесе барлық нұсқаларды: жабық, ашық, жартылай жабық біріктіреді. Бұл ақпараттың негізделгендігін және толықтығын арттырады.

Жабық сұраққағаздарда «жауаптардың екі - немесе үш баламалы (мысалы: «иә», «жоқ»; «иә», «жоқ», «жауап беруге қиналамын») таңдауы неғұрлым кең тараған. Жабық сұрақтардың артықшылығы алынған мәліметтерді тіркеу мен өңдеу процедурасының оңайлығы, бағалауды нақты формализациялау, бұл жаппай тексергенде өте маңызды. Сонымен бірге жауаптың бұл түрі ақпаратты «өрескелдеу» көрсетеді. Көптеген жағдайларда сыналушылар кесімді шешім қабылдау қажет болғанда қиыншылықтар туады» [3].

Ашық сұрақ қағаздар зерттелетін құбылыс, нысан, субъект туралы толық ақпарат алуға, сол сияқты жауаптарға сапалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге олардың бірқатар кемшіліктері де бар: жауаптарды формализациялаудың және оларды бағалаудың күрделілігі, нәтижелерді талдап түсіндіріп берудің қиындықтары, бұл рәсімнің үлкен болуына байланысты қолайсыздығы және уақыттың көп жұмсалуды.

Ең көбірек зерттелген, педагогикалық және әлеуметтік әдебиетте жиі кездесетін әдіс педагогикалық байқау (бақылау) әдісі (әңгіме, интервью алу). Бұл әдістің көрнекті жасаушылары Ю.К.Бабанский, А.И.Пискунов, Г.В.Воробьев, С.И.Крымский, А.Г.Здравомыслов, Ю.П.Воронов, В.И.Волович және т.б.

Байқау схемасы байқау бірліктерінің, тізімін, бақыланатын (байқалатын) құбылысты жазудың тәсілі мен түрін қамтиды.

Байқауды жазуға қойылатын жалпы талаптар:

1) тек болған жәйді ғана және ол қалай болғандығын ғана жазу керек;

2) қоршаған ортадағы жағдайды да тіркеу керек;

3) жазу, мүмкіндігінше, толық болуы керек, яғни зерттелетін шындықты көрсетуі керек.

Диагностикалық жазба жұмысын жүргізудің мынадай кезеңдерін көрсетуге болады:

- жұмысты жобалау;

- жұмысты жүргізу;

- бағалау (үлгімен салыстыру);

- жіберілген қателерді талдау, олардың себептерін анықтау;

- оқытудағы кемшіліктерді болдырмау үшін түзету жұмыстарын жүргізу.

Жазба жұмысының кең тараған түрі емтихан жұмысы. Диагностиканың бұл түрінің кең тарағандығы оның мінсіз екендігін көрсетпейді.

Шетел ғалымдарының зерттеулері көрсеткеніндей, барлық пәндер бойынша жұмысты бағалауға мына төмендегілер әсер етеді:

- жазба жұмысын сырттай рәсімдеу;

- бағалаудың бірізділігі;

- сыналушы жөніндегі алдын-ала ақпараттың сипаты;

- грамматикалық қателері;

- жазуы;

- оқушыға ықыласы;

- бағаны салыстыру жүйесі.

Қайта бағалау алғашқыдан әжептәуір өзгеше болады. Математикадан жұмысты қайта бағалаудың корреляциялық коэффициенті — $r=0,46$, ал тарих пәнінен $r=0,25$.

Ауызша диагностикалау әдісі де практикалық педагогикада кең тараған әдіс. Оның қызықтыратын жақтары: басқаларға қарағанда білімді бағалаудың тез болатындығы, тіл дамытуы, коммуникативтік біліктің қалыптасу мүмкіндігі және т.б. Сонымен қатар мұғалім бірқатар мақсатқа сәйкес алдын-ала және ағымдағы іс-әрекеттерді орындауы тиіс:

- сабақта іскерлік атмосфера орнату және мұғалім мен оқушының, оқушылардың арасында сәйкес стиль орнату;

- оқушыға барынша толық, дұрыс және өздігінен жауап беруге көмектесу, оған қиналған кезде қолдау көрсету;

- оқушының өзара бағалау және өзін өзі бағалауын мадақтау, жолдастарының және өзінің жауаптарын талдауға үйрету;

- қойылған бағаны оқушылар оның әділ екендігін түсінетіндей етіп негіздеу.

Қазіргі уақытқа тестология теориясы да жеткілікті түрде дамыған. Тестілеу - оқытудағы диагностиканың неғұрлым сәтті әдісі, өйткені білімді бағалаудағы субъективизмді болдырмауға, сол сияқты әртүрлі оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес ыңғайлы жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді [4].

Диагностикалық педагогикалық тесттер оқушылардың білім меңгерудегі әлсіз жақтарын анықтау үшін пайдаланылады (балаларды бастауыш мектепке қабылдағанда, білім берудің орта сатысына көшкенде, оқытудың соңында).

Диагностикалық тесттердің міндеттері:

- белгілі бір сынып (топ) оқу қабілеттерін ;

- базалық білімді меңгеру деңгейін;

- «жүйені» есептеу және шешу техникасын қорыту қабілеттерін;

- алға басуға кедергілерді меңгеру дағдыларын;

- проблемалар кездескенде оларды жеңе білу қабілеттерін;

- оқыту әдістемесінің оқушылардың қабілетінің деңгейіне және оның оқытылу жылдамдығына сәйкестігін анықтау.

Диагностикалық тесттерді құру, бір жағынан, оқытудың пәндері мен процесін мұқият оқуды, екінші жағынан-жіберілген қателер мен кемшіліктер жөнінде статистикалық және клиникалық анкеталарды оқып талдауды қажет етеді.

Тесттер жалпы және ерекше кәмелеттік болып бөлінеді. Жалпы кәмелеттік тесттер бастауыш мектепке қабылдағанда пайдаланылады. Ерекше кәмелеттік тесттер үш түрлі болады:

1) белгілі бір пәнді меңгеруге қажетті талқылай білу мен қабілеттердің түрлерін анықтауға берілетін тестер (мысалы, оқуға үйреткенде визуалдық шектеулерге қабілетін анықтағанда);

2) жаңа материалды меңгеру үшін қажетті базалық білімді анықтауға берілетін тестер (мысалы, математикалық есептеулер үшін қажетті арифметикалық ұғымдарды меңгеру);

3) оқушының жаңа материалды меңгеруге дайындығын анықтау үшін қолданылатын таза эмпирикалық тесттер (оқушыға бұл материалдың алғашқы элементтері беріледі және оқушының оған деген назары жүйелі түрде бақыланып отырылады) [5].

Тест әдісінің кемшіліктері ретінде мыналарды көрсетуге болады: тесттік әдістемені пайдаланғанда тек соңғы нәтиже, бұрынғы іс-тәжірибе нәтижелері бақылауға алынады, сол сияқты бұл әдістемелерде сандық бағалау басымдық алады, ал шешу процесін сапалық талдау қалып қояды.

Диагностиканың міндеттері фактіні көрсетуге емес, оқыту барысында оқушының дамуында. Ең бастысы оқушының жаңа деңгейге жәй қол жеткізуі емес, бір деңгейден екінші деңгейге көшуді қадағалау. Оқытушы эксперимент жақындағы даму зонасының бар екендігін анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен бірге оның шамасын да анықтайды.

Диагностикалаудың ішкі әдісі өзін өзі бақылау әдісі болып отыр. Бұл әдісті танымдық іс-әрекет барысын бақылауға, бағалауға, нәтижелерін тексеруге бағытталған іс-қимыл жүйесі болып табылады.

Педагогикалық диагностика әдістерін ғылыми негізде жасалған, оқу нәтижелерін түсіндіру және көрсету құралдарымен қамтамасыз етілген жағдайда ғана қолдану табысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Төрбаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика. Оқу құралы.- Алматы, 2011.
- 2 Байкова Л.А. Подготовка будущего учителя начальной школы к диагностической деятельности // Педагогика. 2004ж.№2. 40-48 с.
- 3 Басов М.Я. Избранные психологические произведения. –М.: Педагогика, 1975. -432 с.
- 4 Маханова П. «Педагогикалық диагностиканың теориялық негіздері» //Вестник Академии педагогических наук Казахстана, №1(28), 2009 г. 48 с
- 5 Көшкентаева М. «Педагогикалық-психологиялық диагностикалау жолдары, әдістері» // «Мектеп директоры», №5, 2004ж.б.33-52.

УДК 378.091.12
МРНТИ 14.09.35

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.37>

G.A. Rizakhojayeva¹ P.A. Kudabayeva² E.A. Aitenova³

¹*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

²*Taraz State Pedagogical University*

³*Kazakh Academy of Transport and Communications named after M. Tynyshpaev*

TO THE ISSUE OF TEACHING SPEAKING IN ENGLISH TO FUTURE SPECIALISTS IN THE SPHERE OF TOURISM

Abstract

The article discusses the issues of teaching speaking to future tourism specialists. The formation and development of foreign language spoken language is the process of instilling future specialists with the skills and abilities of understanding and expressing thoughts, designed in a foreign language. These tools are little known to future specialists, since he cannot get them from the environment, just as he receives means of expressing thoughts in his native language. Thus, in the process of teaching perception and reproduction of speech in a foreign language, the categories of form and content play an important role. Auditory, audiovisual and visual supports are used to form oral foreign speech. Visual props are printed texts. In the methodology of teaching English as a foreign language, the question of the use of texts in teaching speaking was widely discussed. There is no definite answer to this question. We hold the view that for future tourism specialists, texts are the main source of language tools and information.

Keywords: speaking, english, specialist, tourism, text.

G.A. Ризаходжаева¹ П.А. Кудабаяева² Э.А. Айтеннова³

¹*Қожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

²*Тараз Мемлекеттік Педагогикалық Университеті*

³*М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы*

БОЛАШАҚ ТУРИЗМ МАМАНДАРЫНЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ туризм мамандарына сөйлеу дағдысын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Шет тілінің - болашақ мамандарды шет тілінде жасалған ойларды түсіну және білдіру дағдылары мен қабілеттеріне баулу процесі. Осылайша, сөйлеуді шет тілінде қабылдау мен жаңғыртуды оқыту процесінде формамен мазмұн категориялары маңызды рөл атқарады. Ауызша мәнерлеп сөйлеуді қалыптастыру үшін аудиториялық, аудиовизуалды және көрнекі құралдар қолданылады. Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде сөйлеуді оқытуда мәтіндерді қолдану мәселесі кеңінен талқыланды. Болашақ туризм мамандары үшін мәтіндер тілдік құралдар мен ақпараттың негізгі көзі болып табылады деген пікірдеміз.

Түйін сөздер: сөйлеу, ағылшын тілі, маман, туризм, мәтін.